

## Алға ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 шілдедегі № 281 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 тамызда № 5034 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 18 тамыздағы № 311 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің 18.08.2017 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 6 тармақшасына, 27 - бабының 1 - тармағының 1) -тармақшасына сәйкес, Алға ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Алға ауданында мүгедектер үшін, ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Д ж а л г а с п а е в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Абдуллин.*